

2003 жылы жекешелендіруге және тұрғын үй қорына беруге жататын коммуналдық меншік объектілері туралы объектілері туралы

Атырау облыстық әкімиятының 2003 жылғы 13 мамырдағы N№115 қаулысы. Атырау облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 16 маусымда N 1518 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1431 " Коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері" қаулысы , аудан әкімдерінің ұсыныстары негізінде, сондай-ақ жергілікті жерлерде қосымша тұрғын үй қ о р ы н к ұ р у м а қ с а т ы н д а , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Жекешелендіруге (1-қосымша) және тұрғын үй қорына беруге (2-қосымша) жататын коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Атырау облыстық коммуналдық меншік басқармасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес объектілердің жекешелендірілуін қамтамасыз етсін.

3. Аудан әкімдері қосымша тұрғын үй қорын аз қамтылған және әлеуметтік қорғауды қажетсінетін отбасылар арасында бөлуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К.Нокинге жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 3 м а м ы р д а ғ ы
N 115 қаулысына 1-қосымша <*>

Ескерту. 1-қосымшаға толықтырулар енгізілді - Атырау облысы әкімиятының 2003 жылғы 14 қарашадағы N 246 қаулысымен.

2003 жылы жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі

N	Объекті атауы	Орналасқан орны	Баланс ұстаушы	Жекеше лендіру түрі	Ұсыныс
1.	Ю.Гагарин атындағы N 4 орта мектебінің жарамсыз жабдықтарымен бірге бос тұрған жылу қазанының№ ғимараты	Атырау қаласы	Қалалық білім беру бөлімі	Аукцион	Қалалық білім беру бөлімінің 2002 ж. 28.10 N 1102 хаты
2.	Ф.Оңғарсы-нова атындағы орта мектебінің жарамсыз жабдықтарымен бірге бос тұрған жылу қазанының» ғимараты	Атырау қаласы, Атырау селолық округі	Қалалық білім беру бөлімі	Аукцион	Қалалық білім беру бөлімінің 2002 ж. 28.10 N 1104 хаты

3.	Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің сәбилер үйінің бос тұрған кір жуатын ғимараты	Атырау қаласы, Қарымсақов көшесі	"Сәбилер үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Инвестициялық тендер	Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің 2003 ж. 26.02. N 62 хаты
4.	Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің бұрынғы әкімшілік ғимараты	Құлсары қаласы	Жылыой аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі	Аукцион	Құлсары ауданы әкімінің 2002 ж. 5.12. N 658 ұсынысы
5.	Аудандық орталық аурухананың пайдаланылмай тұрған әкімшілік ғимараты	Құлсары қаласы	Аудандық орталық ауруханасы	Аукцион	Жылыой ауданы әкімиятының 2002 ж. 5.09. N 05/778 хаты
6.	20 орындық монша	Құрманғазы ауданы Ганюшкино селосы	"Құрманғазы жолдары" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Сатып алу құқығымен тендер	Құрманғазы ауданы әкімиятының» 2002ж. 19.09. N 2/1033 хаты
7.	Кенбай орта мектебінің жанындағы мектеп интернатты »пайдаланылмай тұрған ғимараты	Қызылқоға ауданы, Кенбай селосы	Кенбай орта мектебі	Аукцион	Коммуналдық меншік басқармасының 2002 ж. 11.10. N 116 бұйрығы
8.	Кенбай орта мектебінің пайдаланылмай тұрған кір жуатын ғимараты	Қызылқоға ауданы, Кенбай селосы	Кенбай орта мектебі	Аукцион	Коммуналдық меншік басқармасының 2002 ж. 11.10. N 116 бұйрығы
9.	Бұрынғы "Жас ұлан" пионерлагерінің пайдаланылмай тұрған ғимараты	Ганюшкино селосы	Құрманғазы аудандық білім беру бөлімі	Инвестициялық тендер	Құрманғазы ауданы әкімінің» 2003 ж. 6.02. N 1/119 ұсынысы
10.	Аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің пайдаланылмай тұрған гараж ғимараты	Ганюшкино селосы	Құрманғазы аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі	Аукцион	Құрманғазы ауданы әкімиятының» 2003 ж. 4.02. N 2/114 хаты
11.	"Демеу" КМК-ның жарамсыз жабдықтарымен бірге пайдаланылмай тұрған жылу қазанының ғимараты	Аққыстау селосы	"Демеу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	Инвестициялық тендер	Исатай ауданының аппаратының 2003ж . 25.02. N 250 хаты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК